

2024 жылғы 24 маусым
«Балдәурен» балабақшасы

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалау өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» және 2023 жылғы 05 мамырдағы өткізілген балабақшаның кезектен тыс педагогикалық кеңесінің (№5хаттамасы) шешімі негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024 жылдың 24 маусымынан бастап «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Өзін-өзі бағалау үшін төмендегі комиссия құрамы бекітілсін.
 - 1) Дуйсебаева Н.К. комиссия төрағасы, балабақша басшысы
 - 2) Марат Амандық әдіскер, комиссия мүшесі
 - 3) Данагулова Г.М. Педагог психолог, комиссия мүшесі
 - 4) Тлеубаева Г.К. кәсіподақ төрағасы, комиссия мүшесі
 - 5) Куанышева Г.Т. медбике, комиссия мүшесі
3. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша комиссия мүшелеріне нақты тапсырмалар қосымша-1 сәйкес бөлініп берілсін. Өзін-өзі бағалау комиссиясының жұмыс жоспары бекітілсін. (қосымша-2)
4. Өзін-өзі бағалау қорытындысы 2024 жылы 24 шілдеде педагогикалық кеңес отырысында талданып, педагог қызметкерлердің назарына жеткізілсін.
5. Өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынсын.
6. Өзін-өзі бағалау қорытындысы 2024 жылдың 01 тамызынан кешіктірмей балабақшаның сайтына <https://bogetsay-baldauren-bb.kz/kz/> интернет ресурстарында орналастырылсын
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін балабақша басшысы өзіме қалдырамын.

“Балдәурен” бөбекжай-балабақшасының

басшысы



Дуйсебаева Н.К.